

## Қазақстанның қазіргі заман тарихы

1. 1920 жылғы 4-12 қазан аралығында Орынборда өткен Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезі қабылдаған аса маңызды саяси құжат:

- A) «Қырғыз АКСР еңбекшілері құқықтарының декларациясы»
- B) «Түркістан автономиясы»
- C) «Сырдария облысын Қазақ АКСР-іне қосу»
- D) «Еңбекші және қанаушы халықтар құқығының декларациясы»
- E) «Алашорда ұлттық-аумақтық автономиясы»
- F) «Қазақ АКСР-ін ХКК-не енгізу»
- G) «Қоқан автономиясы»

2. XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы Қазақстандағы шаруалар көтерілістерінің нәтижелері:

- A) Ұжымдастыру тоқтатылды
- B) Көтерілісшілер жазадан құтылып кетті
- C) Халық шаруашылығы жаңа сатыға көтерілді
- D) Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан шекараларына мыңдаған босқындар ағылды
- E) Ұйымдастырушы жаңа қызметтерге тағайындалды
- F) Көтеріліс басшылары жазаланбады
- G) Көтерілісшілер талаптары ішінара орындалды

3. Қазіргі уақытта республикадан тыс жерлерде, яғни шет елдерде өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының саны:

- A) 4 млн-ға жуық
- B) 6 млн
- C) 8 млн-ға жуық
- D) 3 млн
- E) 7 млн-ға жуық
- F) 5 млн-ға жуық

4. Мәскеу түбіндегі Строково деревнясы маңында асқан ерлік жасаған қазақстандық жауынгерлер:

- A) П. Калюжный
- B) Н. Есболатов
- C) А. Павлов
- D) П. Фирстов
- E) В. Маношин
- F) А. Қожабергенов

5. «Дядя Коля» бригадасының соғыс қимылы кезінде марапатталған:

- A) Т. Жангелдин
- B) А. Нұрманов
- C) Л. Беда
- D) С. Щербинин
- E) В. Егоров
- F) Т. Бигелдинов

6. Үш жүз партиясының көсемдері:

- A) Шаймерден Әлжанов
- B) Көлбай Тоғысов
- C) Әлихан Бөкейханов
- D) Мұстафа Шоқай
- E) Әбілқайыр Досов
- F) Тұрар Рысқұлов
- G) Тоқаш Бокин

7. Елбасының көші-қон саясатының нәтижесінде 1991-2000 жж. Қазақстанға:

- A) 1 миллион қазақ оралды
- B) 42 387 қазақ отбасы оралды
- C) 2 миллион қазақ оралды
- D) 183 652 адам көшіп келді
- E) 500 мың қазақ отбасы оралды

8. Ұлы Отан соғысы жылдары майдан мен тылдағы халықтың қайсар ерлігі туралы жазған ақындар мен жазушылар:

- A) Б.Майлин, С.Мәуленов
- B) Д.Снегин, Ж.Саин
- C) С.Мұқанов, Ж.Молдағалиев
- D) Ә.Кекілбаев, М.Мақатаев
- E) Ж.Жабаев, М.Әуезов
- F) Ғ.Мұстафин, О.Сүлейменов

9. 2006 жылы қабылданған әнұранның авторлары:

- A) Т.Молдағалиев
- B) М.Әлімбаев
- C) Л.Хамиди
- D) М.Төлебаев
- E) Е.Брусилловский
- F) Н.Назарбаев
- G) Ш.Қалдаяқов
- H) Ж.Нәжімеденов

10. 1917 ж. қазан-желтоқсан айларында билік Кеңестер қолына көшті:

- A) Ақтөбе
- B) Павлодар
- C) Перовск
- D) Түркістан
- E) Алматы
- F) Семей

11. 2007 жылы мамырда Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Парламент Сенатына Президент тағайындайтын депутаттар саны:

- A) 12
- B) 10
- C) 20
- D) 8
- E) 7
- F) 15
- G) 22

12. Жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорындар айналды:

- A) Өндірістік кооперативтерге
- B) Акционерлік қоғамдарға
- C) Коммунналарға
- D) Кеңшарларға
- E) Ұжымшарларға
- F) Серіктестіктерге

13. Қазақстан экономикасына инвестиция салушы негізгі Еуропалық одақ елдері:

- A) Италия
- B) Нидерланды
- C) Дания
- D) Франция
- E) Ұлыбритания
- F) Испания

14. 1954 жылы Мәскеу Қазақстан партия ұйымының бірінші және екінші хатшысы етіп тағайындады:

- A) П.Пономаренко
- B) Г.Колбин
- C) Л.Мирзоян
- D) Г.Борков
- E) Н.Скворцов
- F) Л.Брежнев
- G) И.Яковлев
- H) Н.Беляев

15. 1991 жылдардан 2000 жылға дейінгі кезеңде атағы шыққан хореография өнерінің мамандары:

- A) апалы-сіңлілі Ғаббасовалар
- B) А.Өтеева
- C) Д.Адамова
- D) А.Өлмесекова
- E) Д.Фадеева-Нақыпова
- F) И.Жабаева
- G) В.Султанбаева

16. «Тілдер туралы Қазақ КСР заңы» бойынша қазақ тілінің статусы:

- A) Мәдени қарым-қатынас тіл
- B) Міндетті тіл
- C) Ұлтаралық тіл
- D) Халықаралық тіл
- E) Мемлекеттік тіл
- F) Ресми тіл

17. 1924 ж. ұлттық межелу кезінде Түркістан АКСР -нен Қазақ КСР құрамына қайтарылған облыстар:

- A) Самара
- B) Жетісу
- C) Талдықорған
- D) Атбасар
- E) Шымкент
- F) Сырдария

18. ЖЭС жылдарында сауданың дамыған түрі:

- A) Көтерме
- B) Айырбас
- C) Аукциондық
- D) Бөлшек
- E) Жәрмеңке

19. 1989 ж. 22 қыркүйекте қабылданған Қазақстан Республикасының Заңы:

- A) «Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы»
- B) «Дін мәселесі туралы»
- C) «Жекешелендіру туралы»
- D) «Кооперация туралы»
- E) «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік Егемендігі туралы»
- F) «Ел астанасын Ақмолаға көшіру туралы»
- G) «Тіл туралы»
- H) «Шетелдік инвестиция туралы»

20. Омаров Ғали Құсайынұлының марапаттары:

- A) Кеңес Одағының Батыры
- B) Халық Қаһарманы
- C) Ленин ордені
- D) Алтын Жұлдыз
- E) 2 дәрежелі Отан соғысы ордені

21. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кезеңдері:

- A) 2009-2011 жылдар аралығы
- B) 2010-2012 жылдар аралығы
- C) 2007-2008 жылдар аралығы
- D) 2006-2008 жылдар аралығы
- E) 2011-2014 жылдар аралығы

22. Абайдың 150 жылдығы атап өтілді:

- A) Пекинде
- B) Берлинде
- C) Римде
- D) Сеулде
- E) Францияда
- F) Токиода

23. Қазақстан мүше болып енген халықаралық ұйым ЮНИСЕФ:

- A) Мәдениетті қолдау ұйымы
- B) Терроризммен күрес ұйымы
- C) Кері ықпалдағы секталармен күрес ұйымы
- D) Шұғыл жәрдем көрсетуді насихаттайды
- E) Спорттық ұйым
- F) Экологиялық ұйым
- G) Денсаулық сақтау саласын насихаттайды

24. I Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ депутаттары:

- A) Ахмет Бірімжанов
- B) Ахмет Байтұрсынов
- C) Міржақып Дулатов
- D) Хасан Мухамедов
- E) Бақытжан Қаратаев
- F) Мұхамеджан Сералин
- G) Шаймардан Қосшығұлов
- H) Иса Қашқынбаев

25. XX ғ. 70-80 ж. Халықаралық сайыстарда лауреат атағына ие болып, шетелдерге танылған әнші:

- A) Ә.Дінішев
- B) М.Ілиясова
- C) Н.Тілендиев
- D) Р.Рымбаева
- E) Н.Есқалиев
- F) Дос-Мұқасан
- G) Ш.Айманов